

## БЕКІТЕМІН

«Әуликөл ауылшаруашылық колледжі»  
КМҚК директорының м.а.  
Кунедилов М.М.



### «Әуликөл ауылшаруашылық колледжі» КМҚК Ардагерлер кеңесі туралы ереже.

#### 1. Жалпы ережелер:

- Ардагерлер кеңесі – «Әуликөл ауылшаруашылық колледжі» КМҚК-да ардагерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында құрылған қоғамдық ұйым.
- Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, колледж жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

#### 2. Мақсаттар мен міндеттер:

- Ардагерлерді және олардың отбасыларын әлеуметтік қорғауға алу.
- Ардагерлерді мәңгі есте қалдыру.
- Жастарға патриоттық тәрбие беру.
- Колледждің қоғамдық өміріндегі ардагерлердің рөлін арттыру.
- Ардагерлерге әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді шешуге көмек көрсету.
- Есте қаларлық күндер мен оқиғаларға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.

#### 3. Кеңестің құрамы:

- Кеңес колледжде жұмыс істеген немесе жұмыс істейтін ардагерлерден, сондай-ақ оның жұмысына қатысуға ниет білдірген басқа да тұлғалардан құрылады.
- Кеңес мүшелерінің саны Кеңесті құру туралы бұйрықпен белгіленеді.
- Кеңес мүшелері ардагерлердің жалпы жиналысында сайланады немесе колледж директорының бұйрығымен тағайындалады.

#### 4. Кеңестің жұмыс тәртібі:

- Кеңес отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес өткізеді.
- Кеңес отырыстарын төраға, ал ол болмаған жағдайда - төрағаның орынбасары жүргізеді.
- Кеңес шешімдері отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

- Кеңес шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды.

#### **5. Кеңестің өкілеттіктері:**

- Кеңес ардагерлерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша колледж басшылығына ұсыныстар енгізуге құқылы.
- Кеңес ардагерлердің өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатыса алады.
- Кеңес өз қызметін жүзеге асыру үшін колледж әкімшілігінен қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.
- Кеңес ардагерлерді мәңгі есте қалдыруға бағытталған іс-шараларды өткізе алады.
- Кеңес ардагерлерге әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуде көмек көрсете алады.